

# IV МОДУЛЬ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ

## 6-сабақ Алимент өндіріп алуға сот бұйрығын шығару туралы арыз



### 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

борышкер  
ерікті түрде  
баланы асырау  
көмек көрсетпейді  
ата-ана міндеттері  
орындаудан бас тарту  
менің пайдама

еңбекақы  
табыс мөлшері  
кәмелетке толғанша  
ескеру  
азайту  
ұлғайту  
бас тарту



### 2. Сәйкестендіріңіз.

көмек көрсетпейді  
менің пайдама  
кәмелетке толғанша  
баланы асырау  
бас тарту  
туу туралы куәлік  
табыс

отказаться  
қохоқ  
до совершеннолетия  
в мою пользу  
содержание ребенка  
не оказывает помощи  
свидетельство о рождении

Бөлшектік сан есім (дробные числительные)  
үштен бір –  $1/3$  - одна третья  
төрттен бір –  $1/4$  - одна четвертая  
(сан есім + қан, -қен  
-тан, -тен)



### 3. Сәйкестендіріңіз.

$1/4$   
 $1/3$   
 $1/2$   
 $1/5$   
 $2/3$

үштен екі  
бестен бір  
екіден бір  
үштен бір  
төрттен бір



### 4. Жазыңыз.

екіден бір  
төрттен екі  
оннан бір  
он екіден бір  
тоғыздан үш



### 5. Қажетті жалауды жалғаңыз.

$1/2$  – екіден бір  
 $2/3$  – үш \_\_\_\_\_ екі  
 $1/3$  – үш \_\_\_\_\_ бір  
 $3/4$  – төрт \_\_\_\_\_ үш

$1/4$  – төрт \_\_\_\_\_ бір  
 $1/5$  – бес \_\_\_\_\_ бір  
 $1/9$  – тоғыз \_\_\_\_\_ бір  
 $1/7$  – жеті \_\_\_\_\_ бір



## 5. Тыңдаңыз, қажетті сөздерді жазыңыз.

Алименттер ақ сайын мынадай мөлшерде төленуі тиіс:

бір балаға – ата-анасының еңбекақысынан және/немесе өзге табысының (1/4) \_\_\_\_\_;

екі балаға – ата-анасының еңбекақысының және/немесе өзге табысының \_\_\_\_\_ (1/3);

үш және одан да көп балаларға – ата-анасының еңбекақысының және/немесе өзге табысының \_\_\_\_\_ (1/2);

кейбір жағдайларда осы үлестер мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және басқа балалар және өзге де назар аударатын жағдайларды ескерумен \_\_\_\_\_ немесе \_\_\_\_\_ мүмкін;



## 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Бір балаға алимент қанша төленеді?

– Екі балаға алимент мөлшері қанша?

– Үш балаға ата-ана еңбекақысының қаншасы төленеді?



## 7. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

\_\_\_\_\_ жылдан бастап заңды некеде тұрамыз.

Бұл некеден туған \_\_\_\_\_ баламыз бар.

\_\_\_\_\_ жылы туған қызымыз, \_\_\_\_\_ жылы туған ұлымыз бар.

\_\_\_\_\_ жылы неке бұзылды.



## 8. Мәтінді оқыңыз.

### АРЫЗ

(сот бұйрығын шығару туралы)

Борышкер Саулау Сәбиұлы Сәбиевпен 1989 жылдың қаңтар айынан бастап бірге некеде тұрамыз. Некеміз заңды түрде 1989 жылы 7 сәуірде Бұқар жырау ауданының АХАТ бөлімінде қиылды. Некеден ортақ 1994 жылы 20 қарашада туған Аяя есімді қызымыз бар.

Қызымыз менің асырауымда, жауапкер өз еркімен ешқандай көмек көрсетпейді. Осы жазғандардың негізінде соттан

### СҰРАҰМЫН:

1994 жылы 20 қараша туған Аяя есімді қызымызды асырау үшін жауапкерден барлық табысының бөлігінде алимент өндіруді.





## 9. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

Заңды некеге қашан тұрған?

Аяның туған күні қашан?

Талап-қоюшы қандай мөлшерде алимент сұрайды?



## 10. Сәйкестендіріңіз.

1989 жылдың қаңтар айынан бастап

Некеміз заңды түрде

1994 жылы 20 қарашада туған

Қызымыз

жауапкер өз еркімен

барлық табысының

Ауя есімді қызымыз бар

менің асырауымда

көмек көрсетпейді

1989 жылы 07 сәуірде қиылды

некеде тұрамыз

бөлігінде алимент өндіруді



## 11. Тыңдаңыз, қажетті сөздерді жазыңыз.

\_\_\_\_\_ некеге тұрдым.

Біздің \_\_\_\_\_ балаларымыз бар.

Неке \_\_\_\_\_.

Баланың \_\_\_\_\_ көшірмесімен растаймын

Борышкер \_\_\_\_\_ баланы асыруға материалдық көмек көрсетпейді

Ата-ана міндеттерін орындаудан \_\_\_\_\_

Менің \_\_\_\_\_

Табысының барлық түрінің 1/4 \_\_\_\_\_.

Баланың \_\_\_\_\_ толғанша.

Алимент \_\_\_\_\_ туралы сот бұйрығын шығаруды.

бұзылды

туу  
туралы  
куәлігінің

заңды

ерікті  
түрде

кәмелетке

некеден  
туған

бас тартып  
отыр

пайдама

өндіру

мөлшерінде



## 12. Тыңдаңыз, құрыс ақпаратты белгілеңіз.

| Алимент өнqіру туралы арызға қоса берілуі тиіс құжаттар:                                 | Дұрыс | Бұрыс |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-------|
| 1. неке туралы куәлік көшірмесі;                                                         | ✓     |       |
| 2. мемлекеттік баж салығын төлегендігі туралы түбіртек;                                  |       |       |
| 3. баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;                                              |       |       |
| 4. баланың денсаулық туралы анықтама (баланың тіркелген орны бойынша емханадан алынады); |       |       |
| 5. қарігер-наркологтың анықтамасы;                                                       |       |       |
| 6. борышкердің еңбекақысы туралы анықтама;                                               |       |       |
| 7. автокөлікке құжаттардың көшірмелері;                                                  |       |       |
| 8. талапкердің жеке куәлігінің көшірмесі;                                                |       |       |
| 9. мекенжай анықтамасы;                                                                  |       |       |
| 10. еңбек кітапшасының көшірмесі;                                                        |       |       |



## 13. Сұқбатты оқыңыз.

– Аты-жөніңіз кім?

– Менің аты-жөнім Ибрагимова Айсұлу Бекбауқызы.

– Қандай сұрақпен келдіңіз?

– Кәмелетке толмаған балаларыма алимент өнqіріп алғым келеді. Бұрынғы күйеуім балаларымды асырауға ешқандай материалдық көмек көрсетпейді, тәрбиесіне араласпайды.

– Балаларыңыз неше жаста?

– Үлкен ұлым 2013 жылы 02 мамырда туған, екінші қызым 2016 жылы 24 тамызда туған.

– Күйеуіңізбен заңды некеде тұрдыңыздар ма?

– Иә, күйеуім – Сапарбаев Ерқос Аманбауұлымен 2010 жылы 10 тамызда заңды некеге тұрдық, 2020 жылы 20 қарашада неке бұзылды.





## 14. Алимент өндіру туралы арыз үлгісін толтырыңыз.

\_\_\_\_\_ қаласы  
\_\_\_\_\_ сотына

Өндіріп алушы: \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.,

туған күні, \_\_\_\_\_  
мекенжайы: \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ көшесі

ЖСН \_\_\_\_\_ -үі, \_\_\_\_\_ -пәтер,

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

Борышкер: \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.,

туған күні, \_\_\_\_\_  
мекенжайы: \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ көшесі

ЖСН \_\_\_\_\_ -үі, \_\_\_\_\_ -пәтер,

телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_

### АРЫЗ

(сот бұйрығын шығару туралы)

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ жылы мен азамат  
Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ заңды некеге тұрдым және біздің некеден  
\_\_\_\_\_ туған бала/-лар/ бар.  
\_\_\_\_\_ жылы неке бұзылды.

\_\_\_\_\_ (борышкердің Т.А.Ә.) – баланың әкесі, мұны баланың туу туралы  
куәлігінің көшірмесімен растаймын, алайда, борышкер ерікті түрде баланы асыруға  
материалдық көмек көрсетпейді, ата-ана міндеттерін орындаудан бас тартып отыр.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-  
зауыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 138-140-баптарына, Қазақстан  
Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 134-136-баптарына сүйене отырып,

\_\_\_\_\_ (борышкердің Т.А.Ә., туған күні, аты, жылы, туған жері, жұмыс  
орны, мекенжайы, ЖСН нөмірі) менің \_\_\_\_\_ (арыз берушінің Т.А.Ә.,  
ЖСН, мекенжайы) пайдама табысының барлық түрінің 1/4 мөлшерінде баланың  
\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., туған күні, аты, жылы) кәмелетке толғанша алимент өндіру  
туралы сот бұйрығын шығаруды сұраймын.

Мәлімделген талапты растайтын қоса берілген құжаттардың тізбесі:

1. Арыз көшірмесі;
2. Неке қию туралы куәліктің көшірмесі;
3. Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
4. Баланың денсаулығы туралы анықтама;
5. Борышкердің жалақысы туралы анықтама;
6. Арыз берушінің жеке куәлігінің көшірмесі;
7. Азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі.

Талапкер: ( қолы, Т.А.Ә. )

Күні \_\_\_\_\_